

2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № а-4/194 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 22 мамырда № 7203 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Степногорск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген 2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Степногорск қаласы әкімінің орынбасары Г.М.Әбіловаға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2019 жылдың 01 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

Степногорск қаласының
әкімі

Е.Баяхметов

Степногорск қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 8 мамырдағы
№ а-4/194 қаулысымен
бекітілген

2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

№	Ұйымның атауы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны	Айына ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)	Б і р тәрбиеленушіге а й ы н а жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)
1	Степногорск қаласы білім бөлімінің жанындағы "Нұршуақ" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	280	12000	27 931

2	"Степногорск қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі жанындағы инклюзивті білім беретін "Балауса" бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	185	12000	27 931
3	"Степногорск қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі жанындағы инклюзивті білім беретін "Балауса" бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының түзету тобы	35	12000	42 377
4	"Сказка" жеке балабақшасы ЖК "ИП Лагута Светлана Васильевна"	165	17000	27 931
5	"Асыл" жеке балабақшасы ЖК "ИП "Бексултан"	75	14000	27 931
6	"Жасмин" жеке балабақшасы ЖК "Кабикеева Г.С."	75	20000	27 931
7	"Алтын" жеке балабақшасы ЖК "инара"	75	14000	27 931
8	"Айлана" жеке шағын орталығы ЖК "ЖК Есжанова Фарида Буташевна"	30	20000	26 870
9	Степногорск қаласының білім бөлімінің "Ақсу кентінің № 2 орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы "Балдаурен" шағын орталығы	40	12000	26 870
10	Степногорск қаласының білім бөлімінің "Степногор ауылының орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы "Қарлығаш" шағын орталығы	20	12000	29 518

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖК – жеке кәсіпкер;